

АЙТҒАЖ



Абайдың
қара сөздері

ОН БЕСІНШІ ҚАРА СӨЗ

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білімше мен бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі - пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір боянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісіміз, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты күғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші - әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки өне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректің қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бәркі түсіп қалып, етегі атының құман жауып кетіп, екі көзі аспанда, жыңды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп а! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпсың?

АҚОРДА.

№ 19
/sarsenbi/
13 мамыр

2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyñ "Altyn Jyldyz", Qazaqstan Jyrnalister odaqynyñ Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy sylyqtarynyñ, "Altyn júrek" sylyǵynyñ iegeri

ПРЕЗИДЕНТ: МАҚТААРАЛДА ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР КҮЗГЕ ДЕЙІН САЛЫНАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысы өтті. Жиынға облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың өкімдері, сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының басшылары бейне байланыс режимі арқылы қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде бүгін еліміздегі төтенше жағдай режимі аяқталғанын, бірақ дерттің таралуы бәсеңдемей тұрғанын атап өтіп, карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынатнын айтты.

– Бүгіннен бастап еліміз бойынша дүкендердің біразы ашылады, сән салондарының, білім орталықтарының, тағы басқа нысандардың қызметі қайта жанданады. Саябақтар ашылады. Жолаушыларға арналған өуе тасымалының жұмысы қалпына келеді. Алайда, күнделікті өмірде сақтық шараларын қатаң ұстануымыз керек. Өлеу-

меттік арақашықтықты сақтау, көпшілік жиналған жерде бетперде тағып жүру қалыпты жағдайға айналуы қажет, – деді Президент.

– Бұл азаматтардың өзімен-өзі қалып, қайтадан «көлеңкеге» кетуіне жол бермеу керек. Сондықтан, уақытша жұмыссыз қалғандармен қатар осындай азаматтар да Үкімет пен өкімдердің ұдайы назарында болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы экономиканы несиелеу, төтенше жағдай кезінде мейлінше зардап шеккен салаларға, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Президент өз сөзінде жаңа талаптарға жауап беретін денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы түбегейлі өзгерістерге ерекше назар аударды.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту маңызды бағыт болып белгіленді.

– Орныққан жұмыс тәсілі ретін-

де Үкіметтің, министрліктердің, өкімдіктердің түрлі жиындарын қашықтан өткізуді ұсынамын. Қажетсіз рәсімдерді, келісімдер мен кеңестерді, уақыт пен қаражатты шығындайтын басқа да шараларды жою керек. Бұл тәжірибе ескірді. Электронды үкімет тұжырымдамасының мәнін қайта қарау қажет. Кеңес алу, анықтама алу, өтініш беру жөніндегі рәсімдер онлайн режиміне толық көшірілді. Ал «ego» жүйесінің тілін халық үшін қарапайым әрі түсінікті ету қажет, – деді Президент.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысындағы төтенше жағдайдың салдарын жою мәселесіне де тоқталды.

– 1 мамыр күні Өзбекстан Республикасындағы Сардоба су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан Түркістан облысында су тасқыны болды. Бұл – техногенді сипаттағы төтенше жағдай. Мақтаарал ауданына қарасты 5 ауылдың 1 мыңнан астам тұрғын үйін су

басып қалды. Сондай-ақ, 9 елді мекенді су басу қаупі туындады. Шұғыл қабылданған шаралардың арқасында су тасқынының өрі қарай таралуына жол бермедік. Қазір су тасқынының зардаптарын жүргізілуде. Қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың дүние-мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету басты назарда. Біз ауданның күнделікті тіршілігін қайта қалпына келтіру үшін қажетті шаралар қабылдаймыз. Жалпы күзге дейін қираған үйлердің орнына жаңа тұрғын үйлер салынады. Зардап шеккен әрбір адамға 100 мың теңге көлемінде өтемақы төленеді. Мал шығыны, тасқынның ауыл шаруашылығы алқаптарына тигізген зияны өтеледі. Жалпы, зардап шеккен ауылдардың әрбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды. Оларға жәрдем береміз. Зардап шеккен ауданға көмектесіп жатқан азаматтардың бөріне ризашылығымды білдіремін. Тасқын болған жерде өкімдік, сондай-ақ, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан мен Төтенше жағдай жөніндегі комитет бөлімшелері және полиция қызметкерлері жұмыс істеуде. Отандық және шетелдік ірі бизнес өкілдері де зардап шеккен тұрғындарға айтарлықтай көмек бергенін ерекше атап өткен жөн. Мұндай азаматтарды халқымыздың шынайы патриоттары, тілеулері деуге болады.

Баршаңызға алғыс айтамын!

Қазақстандықтар бұл жолы да бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білді.

Біз бірге болсақ, барлық қиындыққа төземіз. Кез келген міндетті орындауға мүмкіндігіміз жетеді, – деді Мемлекет басшысы.

ТУРИЗМІ ТАРТЫМДЫ – ТҮРКІСТАН



Кез келген мемлекетте туризмді дамыту үшін тек табиғаты мен сервисі ғана емес, сол туристік мекенге дейін қарсы алатын өуежай, темір жол және автовокзалдардың халықаралық стандартқа сай, яғни жоғары сервисі қабылдау мен заман талабына сай жабдықталуы ең бірінші кезектегі мәселе болуы керек. Жыл санап емес, күн санап келбеті танымастай өзгеріп келе жатқан Түркістан қаласын-

да бұл қонақтарға алғашқы әсер туғызатын нысандар деңгейіне сай салынып, жөндеуден өтуде.

Жоғары халықаралық бәсекелестік дәуірінде туристік сұраныс қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Осыған байланысты ішкі және халықаралық келуші үшін анағұрлым тиімді туристік «тәжірибе» жүйесін құру мақсатында елімізде жаңа қағидаттар мен тәсілдер жылдан жылға енгізілуде. Туристік

өнімнің бірегейлігі мен сапасына қарамастан, жоғары дамыған инфрақұрылымның болмауы саяхаттан қанағаттану деңгейін төмендетеді.

Инфрақұрылым, көлік және байланыс - бұл ұштаған туристік әлеуетті арттыруға бірден – бір себепкер. Соның ішінде көлік – экономика мен туризмнің «қан жүгіретін» жүйесі десек қателеспейміз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев 2018 жылы Түркістан қаласына жасаған сапары кезінде ішкі туризмді өркендету және тиісті туристік инфрақұрылым дайындау мәселелеріне тоқтала келе облыс орталығы атанғандықтан шаһар тұрғындары санының өсуіне және туристердің көптеп келуіне байланысты, өкімдікке «Самұрық-Қазына» ӘӨҚ-мен, Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп, Түркістан қаласының темір жол вокзалын реконструкциялау, сондай-ақ, аэропорт салу және өуе қатынастарын қамтамасыз ету мәселелерін қарастыруды тапсырған болатын.

Жалғасы 3-ші бетте

МЫРЗАКЕНТТЕ ШАҒЫН АУДАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Қазақстан мен Өзбекстан Премьер-Министрлері Түркістан облысының Мырзакент ауылында жаңа шағын ауданның құрылысын бастап берді. Бұл туралы primeminister.kz хабарлады.

10 мамырда ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кентінде Өзбекстанның Премьер-

Министрі Абдулла Ариповпен кездесу өткізді.

Үкімет басшылары Мақтаарал ауданының су басқан аумақтарын аралап көрді, сондай-ақ, Жаңажол ауылдық округінің Нұрлыжол, Өргөбас және Фирдоуси ауылдарында болып, су тасқыны салдарын жою аясында жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты.

Апаттық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарға 1300-ден астам адам мен 220 бірлік техника, оның ішінде Өзбекстаннан 200-ден астам маман мен 100-ге жуық өрт сөндіру машиналары, экскаваторлар, тракторлар, су сорғыштар және басқа да техникалық құралдар жұмылдырылды.

Жалғасы 2-ші бетте

Елім тыныш болса екен!

Менің қазір көңілім алай-дүлей,
Өн бойымды билейді жойқын үрей.
Жұмыстағы баламды көргенімше
Отырамын өзіме-өзім сенбей.

Елге келген әуметтен аман болғай,
Халықтың ой-арланы ту-толағай.
Ел аман, жұрт тыныш болса екен,
Орнықсын бастарына мамыра жай.

Ушығып күннен-күнге өршіп барад,
Тоқтатуға дәрігер жанын салад.
Жануяға қарамай ара түсіп,
Жанашыр боп қастарынан табылад.

Жұмыстан келгенімше жаным балам,
Отырамын есікке қарай-қарай.
Ауыз-басын тұмшалап жүрседәғи,
Асығамын көргеніше шыдай алмай.

Халыққа бар жағдайды жасап жатыр,
Бергенін президентің асып жатыр.
Риза бүкіл халық Президентке
Бас болып, ел ішінде жүріп жатыр.

Ықыласын төгеді дәрігерлер,
Күн-түн демей күзеткен полицейлер.
Ешкімді қалдырмады көлеңкеде,
Риза Тоқаевқа зейнеткерлер.

Індетке ел атынан үлкен қарғыс,
Ел-жерден, жұртымыздан кетсін алыс.
Осындай қиындықта

қолын созған
Жан ашыр басшымызға
мың бір алғыс.



**Тыл ардагері
Ханшайым
Жорабекқызы**
01.05.2020ж.



3,7 МЛН-НАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 42500 ТЕҢГЕНІ ҚАЙТА АЛАДЫ

ҚР Үкіметіндегі брифингте ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов 42 500 теңге — төтенше жағдай енгізілгенге дейін жұмыс істеген, алайда ТЖ енгізілуіне байланысты табысынан айырылған азаматтарға берілетін төлем екенін еске салды.

«Бүгінде жалпы 4 млн 539 мың адам бұл өтемақыны алды, оған барлығы 193 млрд теңге жұмсалды», — деді министр.

Сондай-ақ, министр осы жылдың 16 сәуіріне дейін өтініш берген адамдар екінші ай үшін де төлем ала алатынын түсіндірді. Мұндай азаматтар саны — 3 млн 735 мың адам.

«Мамыр айынан бастап біз төлемнің екінші кезеңін бастадық. 5-6 мамыр күндері демалыс алдында біз 2 млн-ға жуық адамның өтінімін рәсімдедік және 99 млрд теңге банктерге жіберілді. Кейбір азаматтар екінші ай үшін төлем алып үлгерді, бірақ банктер жұмыс істемегендіктен, барлығы ала алмады, енді банктер осы

йін қабылданған өтініштер міндетті түрде қаралады және сәйкес болған жағдайда төлем жасалады», — деп атап өтті министр.


Сонымен қатар, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі ТЖ екі айлық режиміне және бұдан әрі жалғасатын карантинге байланысты елімізде күтілетін жұмыссыздық деңгейіне жасалған болжамды жариялады.

Б. Нұрымбетов хабарлағандай, еңбек нарығындағы жағдай және жұмыспен қамтуды қалпына келтіру, бірінші кезекте, карантиндік шаралардың төмендеуі және бәсеңдеуі қарқынына және кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін қайта бастауға, сондай-ақ, экономиканы жандандыру шараларына байланысты болады.

Бүгінде Үкімет халықты жұмыспен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдаған, Жұмыспен қамтудың жол картасы іске қосылды, «Еңбек» бағдарламасының мүмкіндіктері кеңейтілді.

НҰР-СҰЛТАН.

Строительство индивидуальных жилых домов повторных применений в районном центре Мырзакент Мақтааральского района Туркестанской области



Мақтаарал ауданының әкімшілік орталығы Мырзакент ауылында Қазақстан мен Өзбекстан Премьер-Министрлері жаңа шағын ауданның құрылыс жоспарымен танысып, алғашқы тұрғын үйлердің іргетасын қалау рәсіміне қатысты және тұрғындармен кездесу өткізді.

Барлығы Мырзакент кентінде су тасқынының салдарынан зардап шеккен Жеңіс, Жаңа тұрмыс, Достық елді мекендерінен 500 отбасы үшін жеке тұрғын үйлер, мектептер, балабақша мен фельдшерлік пункттер салу жоспарланған. Құрылыс жұмыстарын ҚР және Өзбекстан Республикасының мамандары бірлесіп жүргізетін болады.

А. Мамин мен А. Арипов Фирдоуси ауылындағы қираған үйлерді қалпына келтіру жұмыстарын тексеріп, жергілікті халықпен кездесу өткізді.

Премьер-Министр Мемлекет басшысы-



ның тапсырмасы бойынша су тасқынынан зардап шеккен Түркістан облысы Мақтаарал ауданының тұрғындары жаңа немесе жөнделген баспанамен толық қамтамасыз етілетінін атап өтті. Олардың әрқайсысына республикалық бюджеттен 100 мың теңгеден беріледі. Сонымен қатар, іскерлік топ өкілдері зардап шеккендерге демеушілік көмек көрсетеді.

Мақтаарал ауданында орын алған тасқын су салдарынан жалпы саны 5 елді мекен зардап шеккен болатын. Яғни, төтенше жағдай кезінде мыңға тарта тұрғын үйлерді

су басса, бұдан бөлек, 3 мектеп, 5 балабақша, 4 медицина нысаны мен 1 мәдениет үйі, сондай-ақ, 10 дүкен зардап шекті. Бұл оңай шығын емес. Осыған байланысты бірлігі бекем халқымыз қиындыққа тап болған мақтааралдықтарға көмек қолын созып, қиындықты бірге еңсеруге ат салысуда. Айталық, Түркістан облыстық мәслихат депутаттары атынан апат аймағына екі мәрте көмек керуені жөнелтілсе, халық қалаулылары тарапынан Мақтаарал ауданына жеткен гуманитарлық тауарлардың жалпы көлемі 32 тоннаны құрайды.

ШЫМКЕНТ КӘСІПКЕРЛЕРІНІ ДЕ ҮЛЕСІ ЗОР

Шымкент қаласы Кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңесі Мақтаарал тұрғындарына 20 миллион теңгеден астам көмек көрсетті. 9 мамырда Шымкенттің кәсіпкерлері тасқыннан зардап шеккен Түркістан облысының Мақтаарал ауданында болды. Сапар мерекемен түспа-түс келді, сондықтан Өңірлік кеңес төрағасы Қайрат Молдасейтов пен Шымкент қаласының Кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрлан Қабыштаев бастаған делегация Өрғебас ауылының ақсақалдарын Ұлы Жеңістің 75 жылдығымен құттықтады. Ауылда 188 отбасы тұрады, және ол су элементінен ең көп зардап шеккендердің бірі болып саналады.

«Отау Групп» ЖШС президенті Қайрат Молдасейтов Өрғебас ауылының тұрғындарын қолдауға 12 миллион теңге бөлді.

«Бал Текстиль» ЖШС-нің директоры Талғат Исхақов 6 миллион теңгеге 400 әдемі кілемді алып келді.

«AGF Group» тоқыма фабрикасының басшысы Гаухар Насырова 40 комплект төсек-орын сыйлады.

VIZIT алкогольсіз сусындар зауытының директоры Вилким Злавадинов 500 мың теңгеге сусындар сыйлады. Іскер әйелдер кеңесінің төрағасы Алма Арха-

баева бастаған іскер әйел азық-түлік, киім-кешек, гигиена құралдары мен қажетті заттар, соның ішінде балаларға арналған гуманитарлық көмек жинады және «КарлсКрона» ЖШС директоры Уәлихан Ахметов пен Мега Смарт Сергей Хегай жүк жіберетін жүк көліктерін қамтамасыз етті.

Ақша мен гуманитарлық көмек Хадиша Алжанова төрағалық ететін «Даму» фармацевтикалық ұйымдар қауымдастығынан Рустам Сухов басқаратын «Еврокристалл» өйнек зауытынан және «Телеком Сауда» ЖШС директоры Нұржан Мамытовтан келді.

«Бұл оқиға ешкімді бей-жай қалдырмады. Шымкент қаласының бизнес қауымдастығы Мақтаарал ауданында қайғылы оқиға болған сәттен бастап бірден жауап берді. Шымкент қаласының Кәсіпкерлер палатасы зардап шеккендердің қорына қаражат аударды. »- деп атап өтті Өрғебас ауылында өткен кездесуде Кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрлан Қабыштаев.

«Жігіттің жақсылығын жұрты білер». Осындай қысылтаяң шақта әрбір азамат жақсылық жасауға асықса елдің бірлігі артпаса, кемімес. Сондықтан да, сын сағатта жұрт үшін жұмылайық, ағайын!

МАҚТААРАЛҒА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННАН ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КЕЛДІ



Су тасқынынан зардап шегіп, баспанасыз қалған мақтааралдықтардың ахуалы ешкімді бей-жай қалдырған жоқ. Еліміздің көп аймақтарынан гуманитарлық көмектер дамылсыз жеткізілуде. Бірі азық-түлік пен қажетті заттар үлестірсе, бірі қаржылай көмекпен қамтамасыз етуде. Игі істі Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметовтың бастамасымен белгілі кәсіпкер, Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының Құрметті азаматы, «МүзТау» брендінің негізін салушы Фани Шаймарданов жалғастырды. Жомарттық жасауда кенде

қалмайтын меценаттың ұйытқы болуымен, еліміздің шығысынан қиыр оңтүстігіне 20 тонна азық-түлік жеткізілді.

Азаматтың адамгершілігі ниетінде демекші алыстан ат терлетіп келген керуенді Шымкентте Түркістан облысы және Шымкент қаласының «Құрметті азаматтарымен» қатар, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы Әбдігани Ташқараев пен Елбасының курстасы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Аманәлі Әбдіраманов күтіп алды. Ақ батасын берген ақсақалдар Мақтаарал ауданына шығарып салды.

Қызыл судың кесірінен шаңырағы ортасына түсіп, баспанасыз қалған мырзашөптік ағайынға осыған дейін 300 тоннаға жуық азық-түлік пен тұрмысқа қажетті заттар жеткізілген. Бүгін тағы 20 тоннаға толығып отыр. Яғни, ұн, қарақұмық, сұйық май сияқты азық түрлері жүк көлігімен жеткізілді.

Азық-түлік тиіп, Түркістан облысына бет алған жүк көлігі төрт күндік жолды артқа тастаған. Қайырымдылық жасауға алыс жолдың да, артық сөздің де кедергі болмайтынына дәлел осы.

Дайындаған: Жанар ӘУЕЗ

(Жалғасы. Басы 1-бетте) Жалпы республикада туризмді жеделдетіп дамытуға қиындық келтіретін негізгі себептерге туризм орындарындағы инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілерге жетудің қиындығы, туристер демалатын жерлердегі қызмет көрсету деңгейінің жоғары болмауы, жол бойы инфрақұрылымы объектілерінің сервис сапасының және санының жеткіліксіздігі жатады. Иә, туризмді біртұтас дене деп алып қарасақ, әлі күнге дейін «басы» толық болса «қолы» жоқ, «кеуде тұсы» толық болса, аяғы жоқ секілді болатын. Бірақ, олардың барлығы біртіндеп түгенделуде. Ал, жаңадан облыс орталығы статусына ие болған Түркістан қаласында бұл іргесінен бастап заман талабына сай бой көтеруде. Мұнда жоғарыда атап кеткен инфрақұрылым мәселесі халықаралық стандартқа сай салынуда.

2014 жылы еліміздегі туризм саласын дамыту пайымында автомобиль көлігін дамыту үшін жұмыс істеп тұрғандарын жақсарту және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің жаңа пункттерін, кластерлік орталықтарда және туристік қызығушылықтың басты орталықтарында автовокзалдар мен автобус аялдамаларын салуды ұсынған болатын. Міне, былтыр киелі ордада шығыстық үлгідегі автобекет ел игілігіне пайдалануға берілді. Нысанның құрылысы 2019 жылдың сәуір айында басталып, 2019 жылдың тамыз айында құрылыс жұмыстары аяқталып, халық игілігіне пайдалануға ұсынылды. Халықаралық автобекет Кентау қаласына қарасты Шаға ауылында орналасқан. Шығыс үлгісінде салынып жатқан нысанның жалпы аумағы 2,4 га құрайды. Жоспарға сай, 600 автобусқа арнайы 15 тұрақ қарастырылған. Тәулігіне 10-мың адамға дейін қызмет көрсете алады. Еліміздің Алматы, Нұр-Сұлтан секілді бағыттарымен қатар, облыстың өзге де аудан қалаларына жүргізілетін болады. Бүгінде автобекеттен қала орталығындағы көлік кептелісін азайту, экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында бірқатар қалааралық және халықаралық бағыттар жаңа «Түркістан» автовокзалына ауыстырылды.

Жаңа автовокзалды қалаішілік тұрақты бағыттар желісімен байланыстыру мақсатында, қаладағы 7 тұрақты бағыттың (№1, №4, №5, №5А, №7, №10, №30, №31А) қозғалыс сызбалары осы автовокзалға дейін ұзартылды.

Нысанның ішінде ана мен бала бөлмесі, күту залы, асхана, тынығатын орындармен қамтылған. Сондай-ақ, автовокзал аумағында барлық стандартқа сай автокөлік жуу орны, техникалық қызмет көрсету орындары жоғары сапада жұмыс жасауда.

Түркістан облысында әлемдік деңгейде мәдени дамуын, халықаралық туризмді дамыту мен сақтау және Ұлы Жібек

ТУРИЗМІ ТАРТЫМДЫ – ТҮРКІСТАН



жолының дәстүрлі қолөнерін жандандыру көзделген.

Ал, туризм индустриясының табысты дамуы кластер ішіндегі және сыртындағы туристік қызығушылық орындарымен байланыстыратын жоғары сапалы және дамыған көліктік жүйенің болуына негізделеді. Қазақстанда Автомобиль көлігі саласында республиканың экономикалық, сауда және мәдени байланыстарын кеңейтуге жәрдемдесетін халықаралық автомобильдік тасымалдар одан әрі дамуда. Сонымен қатар, Түркістан қаласының ХХІ ғасырдағы маңызды жоба «Батыс Қазақстан – Батыс Еуропа» көлік дәлізінің ең бойында орналасуы – Түркістан қаласының мәртебесі мен экономикасын арттырмаса кемітпмес. Себебі, қай кезеңде болмасын Ұлы жолдың бойындағы қалалар сауда-саттығы дамыған өркеніет ордасы болған-ды.

Туристердің жыл мезгіліне қарамай, сондай-ақ, қатынауға қауіпсіз көліктің бір түрі - шойын жол. Түркістан қаласы облыс орталығы атанғалы еліміздің өзге қалалармен байланыс одан әрі кеңейіп, орталыққа дейін қатынайтын пойыздар кестесінің бағыты артты. Мәселен, өткен жылы облыс ішілік «Түркістан-Бадам» және «Түркістан-Сарыағаш» жаңа теміржол бағыттары іске қосылды.

Теміржол көлігі елдің тауарлық нарығының жұмыс істеуі мен дамуында және туристер мен халықтың жүріп-тұру қажеттілігін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Теміржолдардың негізгі рөлі - басты кластерлерден туристік орталықтарға дейін үлкен ара қашықтықта тасымалдаулармен айқындалады.

Жолаушылар көлігінің басқа түрлерімен салыстырғанда теміржол көлігінің біріншіден жыл, тәулік уақыттарына және ауа райына қарамастан тасымалдаулардың жүйелілігі, ал екіншіден, тасымалдау құнының басқа көлік түрлерімен тасымалдау құнымен салыстырғанда жоғары еместігі сынды бірқатар маңызды болып табылатын басымдықтары бар.

Бүгінде Елбасы және Президент тапсырмасымен Түркістан қаласындағы теміржол вокзалының маңында жаңадан соғылатын гүлзар мен вокзал аймағындағы абағандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Сондай-ақ, алдағы уақытта теміржол вокзалының айналасында күрделі жөндеу жүргізіліп, жолдар жаңадан төселеді.



Әуе көлігі туризм индустриясын дамытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол кіру туризмі үшін көліктің негізгі түрі болып табылмақ.

Түркістан қаласында халықаралық әуежай салу мақсатында облыс орталығынан 35 шақырым қашықтағы Кентау қаласына қарасты, Шаға елді мекенінің маңынан орын белгіленген болатын. «Turkistan International Airport» ЖШС инвесторы әуежайдың құрылысын жүргізуде. Мердігер мекеме – түркиялық «YDA Group» компаниясы. Қазіргі таңда Түркістан халықаралық әуежайының құрылыс алаңында инвестордың 302 құрылысшысы мен 102 арнайы техникасы жұмылдырылған. Бүгінгі күні әуежай терминалының іргетасы аяқталып, ұшу-қону жолағына қажетті құмды-шағалтасты қоспаның бірінші қабаты төселінуде. Сондай-ақ, рульдеу жолы мен перронның жұмыстары аяқталып отыр. Бүгінде, әуежай терминалының конструкциялық жұмыстарының 90 пайызы аяқталған.

Әуежай жалпы 900 гектар аумақты қамтитын болады. Онда терминал, ұшу-қону жолағы және басқа да нысандар салу жоспарланған. Халықаралық әуежай 2020 жылдың соңына қарай пайдалануға беріледі деп



құрылымын дамыту.

Бүгінде Түркістан облысында автомобиль жолдары халықаралық стандартқа сәйкестендіруде. Елді мекендер арасындағы бірнеше жүздеген тасжолдар да күрделі жөндеуден өтіп, көліктердің кедергісіз қатынауына мүмкіндік туғызуда. Яғни, бүгінгі күні Түркістан облысының туризм аймақтарына баратын жолдар толығымен жөнделіп автовокзалдар халықаралық стандартқа сай болуда.

Облыс орталығының аудандар мен қалааралық жолдары күрделі жөндеуден өтіп, көліктер белгілі нысанына еш кедергісіз жүйіткіп жету әлеуетіне ие.

Мәселен, былтыр Түркістан облысында 1 270 шақырым жол пайдалануға тапсырылған. Нәтижесінде өңірдегі облыстық және аудандық маңызы

бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 74,1 пайызға жетіп отыр. Ал, 2020 жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 77,6 пайызға жеткізу көзделуде. Жоспарға сәйкес, 2021 жылы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесін 81,4 пайызға дейін ұлғайту көзделуде.

Бұдан бөлек, өңір аумағындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 408 көпір орналасса, бүгінгі таңда соның 28-і жөндеуді талап етеді. Оның 9 көпіріне өзіндік өзінде ЖСҚ өзірленсе, 2019 жылы 5 көпір жөндеу жұмыстарымен қамтылып, пайдалануға тапсырылған.

Жалпы алғанда биыл өтпелі және жаңадан іске асырылатын нысандарды қоса алғанда 223 нысан немесе 869,8 шақырым жол жөндеуден өтеді деп күтілуде. Атқарылатын жұмыстардың басым бөлігі Мақтаарал, Жетісай, Келес, Шардара аудандарындағы автомобиль жолдарына тиесілі болмақ.

Жалпы айтқанда, Түркістан облысының туризмін дамыту, оның ішінде рухани орданың зияткерлік туризмін дамыту бағытында мемлекет тарапынан қыруар жұмыстар атқарылуға және атқарылады. Қаладағы құрылыс жұмыстарының қарқыны бүгінгідей болатын болса, алдағы бесжылдықта Түркістан көрсең көзі тояр көрікті мекенге айналары сөзсіз.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

Шымкент қаласында жылдан жылға демографиялық өсімнің әсерінен мектепке дейінгі білім мекемелері мен мектептер санының жетіспеушілігі болатыны қалыпты жағдай. Мәселен, былтыр 11-сыныпты 8000 оқушы бітірсе, 1-сыныпқа 24 616 бала қабылданады. Дегенмен, мемлекет тарапынан оқушылардың жайлылығы үшін жыл сайын білім ғимараттарының саны артып немесе мектеп жанынан қосымша құрылыстар жүргізіліп мәселелер біртіндеп шешілуде. Биыл да бұл жұмыстар елімізде орын алған төтенше жағдайға қарамастан кедергісіз жүргізілуде. Бүгінде Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Мамыталиев тілшілерге берген мәлімдемесінде, мемлекет қазынасы есебінен 7 мың 20 орындық 13 мектептің құрылысы жүргізілуде (8,5 млрд. теңге). Оның ішінде 9 мектеп биыл пайдалануға беріледі. 7 мектептің жобалау сметалық құжаттамасы әзірленуде. Құрылысы келесі жылдан басталады. Сонымен қатар, жан басына қаржыландыру шеңберінде инвесторлар «Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік кооперациясымен бірлесіп 10 мектеп салынатын болады. Бүгінгі таңда 5100 орындық 6 мектептің құрылысына келісімшарт түзілді. Инвестиция көлемі шамамен 8,3 млрд. теңге. Жалпы саны 89 нысанда құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып, 2 мыңнан астам адам жұмыс істеп жатыр екен.

Сондай-ақ, жоғарғы демографиялық өсіммен ерекшеленетін қаламыздың өзекті мәселесіне айналған мектептердегі оқушы орындарының тапшылығы алдағы жылдарда шешілетінін жеткізген Бауыржан Жаймұрзынұлы құрылыстағы барлық жұмыстар арнайы штабта қаралып, мониторинг жасалып, тұрақты бақылауда болатынын айтты.

Аталмыш құрылыстар мен мектептердің жай-күйімен өткен аптада Шымкент қаласының әкімі



МЕГАПОЛИСТЕ 10 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Мұрат Әйтенов етене танысып шықты. Мегаполис мэрі ең алдымен №49 «Жасулан» балабақшасына барды. Іргетасы сонау 1982 жылы қаланған нысанға күні бүгінге дейін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Биыл ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу үшін қазынадан 300 миллионға жуық қаржы бөлінген. Бүгінде «АҚ ордасы» компаниясы бөбекжайда құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Мердігер 280 орындық нысанды жоспар бойынша тамыз айында тапсыруы тиіс.

«Балабақшада ағаш есік болған. Ағаш есікті алғаннан кейін қайта қоюға жарамай қалады. Сондықтан, жобалық сметада қаралмаса да, мен сол есіктерді жаңартып беремін. Сметалық құжатта еденнің 50 пайызына жылыту жүйесін орнату қаралған. Бірақ, біз 100 пайыз жылу жүйесін тартамыз»-деді «АҚ ордасы» ЖШС-нің басшысы Садулла Қалыбеков.

Мұнан кейін қала әкімі Максим Горький атындағы №12 жалпы орта мектептегі күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. 915 орындық білім ошағының

қабырғасы 1984 жылы қаланған. Көлемі 2624 шаршы метрден асатын 3 қабатты мектепте «Лидер НК» мекемесі күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жоба құны 252 миллион теңгені құрайды. Сәуір айында басталған құрылыс жұмыстары жоспар бойынша тамызда бітуі керек.

Мұрат Әйтенов бұдан соң Майлы қожа көшесінің бойына орналасқан 280 орындық «Алтын дән» балабақшасында болды. Бүгінде бөбекжайды «KazIntelGroup» құрылыс компаниясы күрделі жөндеуден өткізуде. Айта кету қажет, ғимаратты жөндеу жұмыстары тамыз айына жоспарланған.

«Биыл қалада 6 балабақша мен 7 мектептің күрделі жұмыстарын жүргізу үшін қаржы қаралған. Сонымен қатар, бір мектептен тыс мекеме мен бір колледж ғимараты да биыл жөнделеді. Бұдан бөлек 17 спорт алаңы ағымдағы жөндеуден өтеді. Тағы 24 білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Оның жетеуін келесі жылы жөндеу үшін жобалық сметалық құжаттарын жасайтын боламыз», - дейді қала әкімі.

Мұнан соң, Мұрат Әйтенов Зоя Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейіне де ат басын бұрды. Себебі, аталмыш мектеп балаларды үш ауысымда оқытатын қаладағы білім беру мекемелерінің бірі.

Айта кетейік, 1480 орындық мектеп 1961 жылы салынған. Бүгінде мұнда 4800 бала білім алып жүр. Сол себепті қазынадан қаржы бөлініп, бүгінде білім ошағына жапсарлас 300 орындық ғимарат салынып жатыр. Құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан «Өмірзақ» құрылыс компаниясы нысанды тамыз айында тапсырмақ. Жаңа оқу жылынан бастап оқушылар мұнда екі ауысыммен оқи бастайды. Осылай мегаполистегі үш ауысымды мектептер мәселесі кезек-кезеңімен өз шешімдерін тауып жатыр.

Қаладағы Х. Досмұхаметов атындағы №4 жалпы орта мектепте іргетасы 1939 жылы қаланған. Кейіннен 1991 жылы жапсарлас ғимарат бой көтеріп, мектеп кеңейе түскен. 1200 орындық білім ордасында бүгінде «Югстрой сервис-Н» құрылыс компаниясы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жөндеу жұмыстарымен қатар, білім ошағында жиһаздар, оқушы партасы да жаңартылады. Жөндеу жұмыстарымен танысқан Мұрат Дүйсенбекұлы мұндағы парталардың қолданысқа жарайтынын қажеттілігі бар өзге мектептерге беруді тапсырды.

Қала әкімі бұдан кейін №13 «Ер-төстік» балабақшасына барды. Іргетасы 1939 жылы қаланған бөбекжай 310 орынға арналған. Бүгінгі күнде әбден тозығы жеткен ескі ғимаратқа «KazIntelGroup» ЖШС күрделі жөндеуді жүргізіп жатыр. Мердігер жоспарланған кестеге сәйкес, бөбекжайдағы құрылыс жұмыстарын тамыз айында бітіруі керек.

Иә, жоғарыдағы құрылыстар мерзімінде аяқталып, жоспарланған білім ғимараттары салынса, білім саласына қатысты бірқатар мәселелер өз шешімін табар еді.

«ТҰРАНДА»

384 КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН-ҮЙ САЛЫНАДЫ



Бұл туралы Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Мамыталиев ақпараттық-коммуникациялық орталықта өткен брифингте мәлім етті.

Қала экономикасының маңызды саласының бірі – құрылыс. Биыл қалаға 250 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарланған, оның ішінде 121 млрд теңгесі құрылысқа тиесілі. Негізгі басымдық - көпқабатты тұрғын үйлер құрылысы. Қалада жалпы алаңы 1 млн шаршы метр, 13 384 пәтерлі 248 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Ол негізінен «Шымкент сити» қалашығы мен Әкімшілік-іскерлік орталығында салынууда. Дегенмен, тұрғын үй құрылысының негізгі даму аймағы – «Тұран» шағынауданы болып белгіленді. Оның жалпы алаңы 197 гектарды құрайды, 12 орамға бөлінген, - деді қала әкімінің орынбасары.

Б. Мамыталиевтың мәлімдеуінше, қаланың бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес, «Тұран» шағынауданында 1 млн 300 мың шаршы метр 384 көпқабатты тұрғын үй, 6 мектеп, 10 балабақша, 37 коммерциялық нысан және аумағы 30 га 1 этносабақ салынады.

Биыл шағынауданда жаңа 2 768 пәтерлі 42 үйдің құрылысы басталып кетті. Жыл сайын орта есеппен 85 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілмек.

Сондай-ақ, бюджет қаржысы есебінен биыл 78 тұрғын үй құрылысы басталады (5008 пәтер, 295,2 мың м²). Жыл соңында 59 тұрғын үй немесе 3732 пәтер пайдалануға тапсырылады (2020,2 мың м²).

«Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы «7-20-25» бағдарламасымен биыл 2 229 пәтерлі 44 тұрғын үй салынады. Ал, жеке салушылар есебінен 6 147 пәтерлі 126 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде (594 мың м²). Биыл жеке салушылар тарапынан 33 тұрғын үй пайдалануға тапсырылатын болады (1600 пәтер). Жалпы осы жылы 612 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл соңғы 3 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артық.

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХҚО АШЫЛАДЫ



12 мамырдан бастап Шымкентте автоөуесқойлар үшін мамандандырылған ХҚО жаңа форматта іске қосылды. Енді мамандандырылған ХҚО-ға бару үшін 1414 байланыс орталығы немесе немесе egov.kz сайтындағы арнайы сервис арқылы кезек уақытын алдына ала брондау қажет болады.

Бұл азаматтардың ХҚО-да көптеп жиналуын болдырмайды және вирусты жұқтыру қаупін жояды, осы ретте қызмет алушылар да өз уақытын үнемдейді. Алдын ала брондаусыз еш қызмет көрсетілмейді.

Дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін мамандандырылған

ХҚО-да автокөлік иелері өз автокөліктерін қайта тіркеп, жүргізуші куәлігін алып, практикалық емтихан тапсыра алады.

Шымкентте барлығы 3 мамандандырылған ХҚО жұмыс істейді. Мамандандырылған ХҚО ғимаратында көлік құралын тіркеуге және қайта тіркеуден өткізуге, жүргізуші куәлігін ауыс-

тыруға болады. Жүргізуші куәлігіне қосымша категориялар бойынша практикалық емтихан тапсыру және медициналық тексерістен өту жұмыстары Достық мөлтек ауданындағы мамандандырылған ХҚО-да ғана жүзеге асырылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау мақсатында авто ХҚО-ға кезектің уақытын брондау үшін egov.kz порталы немесе 1414 нөміріне қоңырау шалу арқылы белгілеуге болады. АвтоХҚО-ға барған кезде қашықтық-

ты сақтауды сұраймыз, медициналық маскалардың болуы міндетті.

Естеріңізге сала кетейік, азаматтар, сондай-ақ, электрондық үкімет порталы арқылы жүргізуші куәлігін ауыстырып, автокөлігін қайта тіркей алады.

Айта кетейік, автоХҚО жұмысы тоқтатылған сәттен бастап, төтенше жағдай кезінде онлайн режимінде азаматтарға 600-ге жуық жүргізуші куәлігі берілді және автокөлікті қайта тіркеу бойынша 300-ден астам қызмет көрсетілді.

Анықтама: Жұмыс кестесі:

ДС-ЖМ, 10.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз. Мамандандырылған ХҚО мекенжайлары:

№1 мамандандырылған ХҚО: Достық м.а.

№2 арнайы ХҚО: Ташкент айналма жолы, 341.

№3 арнайы ХҚО: Қызылжар м.а.,

Жиделібайсын көшесі 92. «Бекжан-комфорт»

Бетті дайындаған: Ұ.ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан, хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамының бірі» деп көрсетеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттер мен әр адам бәсекеге түскен шақта жастарымыздың алдында еліміздің төуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктері мен құндылықтарды әрі қарай кеңейтіп, өздерінің әлеуетін белсенді жүзеге асырып, еліміздің дамыған 30 елдің қатарына енуді көздеген саяси және экономикалық жобаларды орын-

көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас, Өзір тамақ, өзір ас, Сыртың - пысық, ішің - нас, Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық. (алтыншы сөз)

«...Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арысыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол

айтылады.

Осынау өмірдегі келеңсіз болмыстар туралы, ұлы ойшыл: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

...Мал, мақтан, гиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды, һәм көрік береді. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпенен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» деген екен.

Олай болса «өскелең ұрпаққа малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік», ағайын!

Ежелгі грек философы Фалес: «өзіңді тани біл, адамның өркендеп өздігінен дамуының, оның данышпандық қасиет-

территория (65 пайыз)», «адамның туған (70 пайыз)», және «өскен жері (63 пайыз)», «Атақты тұлғалар мен ана тілі (68 пайыз)», «шынайы, ішкі қасиеттер (қонақжайлылық, халықтың ақкөңілдігі (75 пайыз) және «әдебиет (65 пайыз)».

Көңіл аударарлық маңызды жайттардың бірі жастардың көп бөлігі әлеуметтік әділдік қоғамын орнатуды қалайтындарын білдірген. Олардың пікірінше, ұятқа, мамандығы мен шыққан тегіне қарамастан адамдардың теңдігі басымдылыққа ие болатын қоғам ретінде айқындалады.

Қазіргі кезде еліміздің болашағын әлемдік деңгейдегі білімді, білікті мамандар анықтайды. Сондықтан, бүгінгі жастар жақсы, ұтымды жаңалықтар мен іскерлікке ынталы және ата-бабадан келе жатқан өнегелі дәстүрлерін, туған мәдениетін бойына сіңіріп, жеткен жетістіктерді бағалай білсін десек, жоғарыда келтірілген ғұлама Абайдың өсиеттерін жүректен өткізіп өскелең ұрпақ бойына сіңіру әрбір ата-әже, әке-шеше, тәрбиешілер мен ұстаздар, қоғамдық ортаның ұлағатты борышы.

Халқымыздың мәдениеті мен рухани әлемінің тарихи қойнауындағы асыл маржандарды, өмірлік оң тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени, ұлттық дәстүрлерді, сондай-ақ, тұлға дәрежесіне көтеретін ішкі жан дүниесін: рух, ар, намыс, жігер, ізгілік ниет, парасат сияқты құндылықтарды жастардың санасына сіңіріп, оларға берілетін тәрбие халқымыздың келешегіне сәйкес елдің әлеу-

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «...Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану - адамның өзін-өзі тануы.

Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы,

ғылымға, білімге басымдық беруі - кемелдіктің көрінісі.

Интеллектуалды ұлт дегеніміз де - осы. Осыған орай,

Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темір-

қазығына айналуы қажет.

Ұлағатшы ТӨРБИЕ МЕН БІЛІКТІЛІК МАҚСАТҚА ЖЕТКІЗЕДІ



175 ЖҮЛ

дау міндеті тұр десек, оған қол жеткізу үшін кемеңгер Абай ұлағатына көңіл аударалық.

«...Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән-жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі – білсем екен демектік. Не көрсе соған талшынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнайкерней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тура жүгіріп «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені». (жетінші сөзі)

Он тоғызыншы сөзінде кемеңгер: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыпшысың?» (он бесінші сөз)

«Ырыс алды – тірлік» деп көкірегі,

мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзінді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады». (жиырма бірінші сөз)

Ғұлама Абайдың осынау нақыл ғибратты сөздері ойланатын кісіге тайға таңба басқандай, адамдық ниетті түзетуге, өмірге деген ынта-ықыласты оятып, сезім жолымен жүрек арқылы, өзін-өзі тәрбиелеу жолымен бойына жинаған білім мен ғылым негізінде рухани жан дүниесін байытып шапағатқа қол жеткізуге болатынына көз жеткізбей ме?

Өмірдің ащы-тұщысын дәмін татып көргенін көңілге түйген жастағы біздер үшін, бүгінде жинақталған күрделі мәселелердің шешімі табылып іске асуы ешкімді бей-жай қалдырмауы керек. Баспасөзде жарық көрген дерек көздерінде: «қазіргі ауыл мектебін бітірушіге дүниетанымды кеңейту, өз ісінің кәсіпқойы болу, ғылыммен айналысу, дүниенің құпияларын ашуға ұмтылу сияқты ұғымдар жат. Оны ештеңе – жұлдыздар, гүлдер, таудан сылдырап аққан бұлақ, еңбек, жетістік, елдер мен жұрттар қызықтырмайды. Ол адамгершілік қамтамасыздық, салауаттылық, азаматтық парыз, отбасын құру және оны қамтамасыздандыру сияқты ұғымдармен де бас қатырмайды. Оның себептерінің бірі, ауылды жерде білімді-білікті мұғалімдердің жетіспеушілігі. Екіншісі – өмірлік тәжірибенің үйреткені. Бір жағынан елді, жерді жан ұшырып қорғаушыларға, сондай-ақ нағыз ғалымдарға жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігі. Керісінше білімсіз, мәдениетсіз болса да, аға немесе төте тауып алып, түсімді орынға орналасып, «жемқорлық сарбазына» айналып, ақшаны қаппен арқалап жүргендерді көреді. Оқушы ондай ақпаратты бірге оқитын сыныптастарынан да, туыстарынан да алып отырғаны»

терінің ашылуының бастамасы – бүкіл жанды және жансыз дүние болмысының негізі болып табылатын мәңгілік сарқылмайтын рухани күш-қуатының қайнар көзі. Мәселе сол қайнар бұлақтың көзін ашуда жатыр» деген. Жоғарыда айтылған адамның рухани күшқуатын, жан-дүниесін, ішкі сарайын ашатын басты құрал – өрине тәрбие.

Тәрбиені ынта-ықыласты оята отырып, бойға сіңіру сезім жолымен жүрек арқылы өткізгенде ғана жасампаз құндылыққа, өмірлік шапағатқа жол ашады. Заманауи: космоэнергетика ғылымының зерттеулері көрсеткендей, әлемнің энергоақпараттық біртұтастығы теориясына сәйкес ғалам энергетикалық, ақпараттық және генетикалық толқындар тербелісі түріндегі өрістер арқылы тіршілік жасайды. Осы толқындарды қабылдайтын жүрек. Жүрек тербелістері мидың жұмысын, адамның көңіл-күйін, барлық сана сезімдерін басқарады. Олай болса балаларға сәби кезінен бастап жанға жақсы әсер ететін ойын, этика мен эстетика элементтері арқылы әдемілік, ізгілік, еркіндік сезімдерін, өз-өзіне сенімділігін, жігерін, ынта-ықыласын, икемділігін, дене мәдениетін дамытып, туған Отанына, өскен жері мен ортасына, ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен сыйластық сезімдерін ұялатуға бағыттап, осы құндылықтарды жасөспірім жүрегінде қалыптастыра алсақ қой!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің социологиялық зерттеулер мен әлеуметтік инжиниринг орталығының сауалнамасына қатысқан жас қазақстандықтардың 85 пайызы өз елінің тарихы мақтаныш сезімін тудыратынын атаған. Өз елі туралы ойлағанда келесідей ассоциациялар жастар бойында мақтаныш сезімін ұялатады екен: «ел мен халқымыздың тарихы (77 пайыз)», «біз өмір сүріп жатқан

меттік-экономикалық мәселелерін шешуде жұмылып тіршілік ететін еңбек-қорлықтың арқасында жоспарланған дамыған 30 елдің қатарына енуге ат салысатын кемел жандарды қалыптастыру бүгін мен келешектегі ұлағатты міндет. Өйткені, тәрбие біліммен қатар, адам капиталының өсуін қамтамасыз етеді. Бұл Абайдың асыл мұраларын оқығанда көңілге тоқыған кейбір ойлар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында қазіргі таңдағы өзекті: «... тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, сыбайлас жемқорлықпен күрес, тұрақты және қарқынды экономикалық өсім, тұрғын үйді қолжетімді ету, сот және құқық қорғау жүйесін реформалау, өділетті әлеуметтік саясат, жастарымызға көп мән берілу, елімізге бірыңғай экологиялық саясат, өңірлерді дамытудың жаңа бағыттары, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты лайықты жалақымен қамту мәселелерін шешу қажеттілігін» қадап айтты.

Бұл ұлағатты мақсат қағаз жүзінде қалмас үшін «адам баласына адам баласының бәрі – дос» деп Абай айтқандай үлкен-кіші болып бәріміздің де бір кісідей жұмылуымыз керек. Ойымызды түйіндеу үшін ұлы ағартушыға жүгінсек: «Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған». Демек, қажымас қайрат пен білікті еңбек қана мақсатқа жеткізеді.

Н. БАЛҚИЯҰЛЫ,

М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясының профессоры, А.Яссауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінің «Құрметті профессоры», Оңтүстік Қазақстан облысының және Түркістан қаласының «Құрметті азаматы».



ҚАСІРЕТ ШЕГІП, ҚАЙТА



Бодық ата руының еліне сыйлы болған азаматы, өмірінің соңына қарай Оңтүстік өңірден туған жерге көшіп келіп, Жезді ауданының Сарысу асыл тұқымды қой зауытында еңбек еткен Назымбек Татанбаев еді. Журналист Шамхан Рахметовтың осыдан екі-үш жыл бұрын баспадан шыққан «Бірлігі жарасып, береке дарыған ауыл» деген кітабына соғыс және еңбек ардагері Назекең туралы «Ол «КІШІ ЖЕРДЕ» ШАЙҚАСТЫ» деген тақырыппен материалы шыққан болатын. Бір ауылда тұрып, Назекеңді аға тұтып, оның баласы Нұрәлімен дос болып кеткен қаламгер Шамханның жоғарыда айтылған кітапқа енген материалын қазқалпында беруді және оған қосымша ретінде Назымбек ағамыздың өркен жайған кейінгі ұрпақтары жайлы жазылған шағын материалдарда да қоса оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

ОЛ «КІШІ ЖЕРДЕ» ШАЙҚАСТЫ

Назекең Жезді ауданы Сарысу асыл тұқымды қой совхозы директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Ол сондай бір сабырлы, адамгершілігі мол жан болатын. Өзі туралы көп әңгіме айта қоймайтын. Совхоз директоры Иса Боранбаев та өзінің шаруасына мығым, орнықты Назекеңе зор сенім артып, ең жауапты жұмыстарды тапсыратын. Сондай шаруалардың бірі - орталықтағы жылу қазандығын, жылу құбырларын күрделі немесе ағымдағы жөндеуден өткізіп, қысқы маусымға дайындау болатын.

Ол бұл жұмыстарды атқару үшін ерте көктемнен бригада құрып, оларды қажетті құрал-жабдықтармен, құбырлармен жеткілікті қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөліп, оның орындалуына басшылық ететін. Таңертеңнен кешке дейін тыным таппай шаруашылықтың соңында жүретін. Әсіресе, қысты күндері Назекеңнен ұйқы қашатын. Ол түн ортасында бірнеше рет тұрып, совхоздың шет жағына орналасқан бу қазандығына барып, оның ырақты жұмысын көрмей көңілі бір көншімейтін, ұйқы да көрмейтін. Сарысулықтар түн ішінде сол бір азаматтың мектептің, интернаттың, аурухананың сыртқы жылу желілерін тексеріп жүргенінің талай күәсі болған. Мұндай қылық тек өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын жанның қолынан ғана келеді. Назекең тәртіптің адамы. Әскери тәртіпке ол кешегі Ұлы Отан соғысының қан майданында жүргенде үйренді.

Назымбек Татанбаев Жезқазған ауданының Аралтөбе ауылында 1912 жылы дүниеге келген. Алайда, кешегі аумалы-төкпелі заманда ауылдастарымен бірге бас сауғалап Оңтүстік жаққа көшуге мәжбүр болды. Оның еңбек жолы «Ленгеруоль» көмір шахтасында қатардағы жұмысшыдан басталды. Осында жүргенде коммунистік партия қатарына өтеді. Сол кезде бұқара арасына тасталған «коммунистер сауатты болуы керек» деген партия ұранына жауап ретінде жұмыс істей жүріп жеті жылдық білім алады. Көзі ашық, көкірегі ояу адамдар ол уақытта алтынға пара-пар келетін. Назекеңді партия ауылдық жерге Чубаров колхозына «қызыл отау» меңгерушісі етіп жібереді. Оның басты міндеті жаңа үкімет саясатына бұқара арасында кеңінен насихаттау, халықты, әсіресе, жастарды оқуға, білімге тарту, ауыл тұрғындары арасында мәдени шараларды өткізуді ұйымдастыру болды. Жас коммунист бұл жұмыстарды абыроймен атқарып жүргенде кенеттен соғыс басталды.

1941 жылдың шілде айында әскер қатарына алынған Н.Татанбаев азамат соғысының

батырларының бірі генерал Доватор басқарған атты әскер Армиясының 105-ші атты әскер полкында бөлім командирі болып Батыс майданда қанды соғысқа араласады. Осы кез Совет Армиясының кескілескен ұрыстармен Беларуссияның, Украинаның қан бөгіп, жаралы болған талай-талай елді мекендерін артқа тастап шегініп келе жатқан кезі болатын. Қандай қиын-қыстау күндер мен түндерді бастан өткерсе де Совет жауынгерлерінің рухы түспей, бұл уақытша шегініс, ертең-ақ Совет жерін қанқұйлы жаудан босатамыз деген нық сенімнен бір айырылған жоқ еді. 1941 жылдың желтоқсаны. Совет Армиясының Мәскеу түбіндегі жаппай шабуылға шығуы тарихи оқиға болды. Бір күнде жау 50-60, кей жерлерде жүз шақырымға дейін шегіндірілді. Осы қанды ұрыста атты әскер жанталаса қашқан жауды өкшелей қуды. Енді неміс Армиясы өздері басып алған Совет елінің елді мекендері үшін кескілескен ұрыстар жүргізді. Кей қалалардың екі жақтың қолына кезек-кезек бірнеше рет көшкен кездері де болды. Воронеж, Смоленск қалалары артта қалды. Осы кезде жау Кавказға ұмтылды.

1981 жылы КПСС Орталық



Комитетінің қаулысымен «КПСС қатарында 50 жыл» деген арнайы Белгі шығарылды. Онымен партия қатарында 50 жыл болған партия ардагерлері наградталды.

Осы наградаға алғашқылардың қатарында Жезқазған қаласы мен Жезді ауданы бойынша партия ардагерлері В.Шпак, Б.Өрғаринов, Т.Молахов, Н.Татанбаевтар ие болды. Мен оларды Жезқазған телестудиясына шақырып, хабар дайындағаным әлі есімде.

Оның үстіне жауынгер Н.Татанбаевтың жорық жолы 1942 жылдан кейін Кавказ жерінде Керчь бұғазында атақты 18-ші Армияның сол кездегі саяси бөлімінің бастығы Леонид Ильич Брежнев болатын. КПСС Орталық Комитетінің Бас Секретарі Л.И.Брежневтің «Малая земля» - «Кіші жер», «Целина» - «Тың» естелік кітаптарының жарыққа шығып, оның жер-жерде жаппай халықтың талқылауына ұсынылып, оқу бағ-

дарламаларына енгізіліп жатқан кезі болатын.

Сол хабарға қатысып отырып Назекең өзінің атты әскер құрамынан қалай кетіп, артиллерист болғанын былай деп еске алған еді:

- Смоленскіден өткеннен кейін бір шабуылда жарақат алып, госпитальға түстім. Содан кейін өзім болған атты әскер құрамасынан көз жазып қалдым. Атты әскер шапшаң қимылдайды және ең ауыр жерлерге жіберіледі. Оның бір бағытта, бір жерде тұрақты соғысқанын көрген адам жоқ. Бүгін осында болса, ертең осы жерден екі жүз-үш жүз шақырым жердегі басқа бағытта соғысып жүргенін естисіз. Сонымен тағдыр мені «Кіші жерге» бірақ апарып тастады.

Қырым жері!.. Бір кезде бұл Совет халқы үшін денсаулық пен қуаныш ордасы, жұпар иісті бақшалар мен алтын құмды жағалаулар өлкесі, неше түрлі халықтардың небір замандардан қалған баға жетпес мәдени ескерткіштерінің отаны саналатын еді. Өзіміз келіп дем алма-сақ та естуімізше жердің жәннаты деуші еді! Міне, мен де басқа жауынгерлермен осы жердемің. Қарсы алдымызда тік шаншыла көтерілген сұсты да жарта-с-

кейін өзі әскер қатарына шақырылған «Полезный труд» - «Пайдалы еңбек» колхозы басқармасының орынбасары, кейін барқарма бастығы болып қызмет істеді. 1962 жылы туған жеріне оралып, Сарысу совхозында бір жыл ферма меңгерушісі болып ауыстырылды. Назекең осы қызметте зейнеткерлікке шыққанша абыройлы қызмет атқарды.

АТ ТҰЯҒЫН ТАЙ БАСАР

Жоғарыдағы очерктің кейіпкері Назымбек Татанбаев пен Сарысу асыл тұқымды қой зауытын он бес жыл басқарған Иса Боранбаевтың іскерлік басшылығы, жоғары ұйымдастырушылық қабілеттері арқасында шаруашылықтың экономикасы еселеп артып, қой зауытының аты Жезді ауданы ғана емес бүкіл Қазақстанға танылды. Шаруашылық орталығы кішігірім қалашыққа айналды. Онда кафе, сурет, шапшаң, азық-түлік, шаруашылық, мәдени тауарлар сататын жеке-жеке дүкендер жұмыс істеді. Жазғы кинотеатрда тұрғындар кешкілік кино көріп, мереке күндері ауыл өнерпаздарының концертін тамашалаушы еді. Алматыдан арнайы шақырылған Роза Бағланованың, Ескендір Хасанғалиевтің концертін де жұртшылық осы жазғы кинотеатрда тамашалаған болатын. Асыл тұқымды қой зауытының орталығында екі қабатты үш жүз елу оқушыға арналған орта мектеп, алыс шалғайдағы мал жайылымдарында тұратын еңбек адамдарының басы ауырып, балтыры сыздағанда келіп көрінетін, қажет жағдайда жатып емделетін емханасы да болды. Мен Отан алдындағы борышымды өтеп келгеннен кейін ағам И.Боранбаевтың үйінде тұрдым. Назекең мен біздің үйдің арасын Анатолий Ачкасов деген механозатордың үйі ғана бөліп тұратын. Мен мектепке бастауыш сыныпқа сабақ беретін мұғалім болып жұмысқа орналастым. Нұрашпен (айтуға жеңіл болғандықтан шығар Нұрәліні ауылдың үлкені де кішісі де осылай атайтын) мен осы мектеп қабырғасында таныстым. Жас айырмашылығымыз 4-5 жас болса да кейін сырласып, сйласып кеттік. Ол жоғары сыныптарға дәріс береді. Назекең мен Күлкеннің жалғыз болғанын ба, Нұраш не кием, не ішем демейтін, бұла өскен азамат екені алғашқы көргеннен көзге ұрып тұратын. Мінезі шадырлау, шамасы келсе бет қаратпайтынның өзі. Байқауымша, оның бұл мінезінің «қызығын» көретін жас жұбайы Райхан. Қарасынан аласы басымдау, көзімен аларып бір қарағанда Райхан жым болушы еді. Қыз бен мал қайда бармайды - дейді ғой атам қазақ. Әйтпесе, Алатаудың баурайындағы Алматының іргесіндегі Шамалған елді мекенінде, колхоз төрағасының

ТҮЛЕГЕН ҰРПАҚ

жанұясында дүниеге келген Райханды, Алматының қыздар институтын үздік бітірген, орысшаға судай уыздай жас қыз Райханды жер шеті қиянға, өзінің туған жеріндегідей әсем табиғаты жоқ, ең әрісі уақтылы беріліп тұратын электр жарағы, жылуы да жоқ Сарысуға (ол келін болып түскенде мұндағы жағдай осындай еді) қай құдай айдап келді екен деп те ойлап қоятынмын. Әбден сіңісіп кеткесін ойда жүрген бұл сұрақты да Нұрашқа бір күні қойдым ғой.

- Жәніптің қыруар қызының ішінен бұйырғаны осы қыз болды. Ол кезде мен политехникалық институтта оқып жүргем. Бір көргеннен ұнаттық қой. Оқуға Шамалғаннан қатынап оқитын. Әкесі Шәлімбет менің өкеммен жасты екен. Ол да Ұлы Отан соғысының майдан даласында толарсақтан қан кешіп жүріп, елімізді басқыншы жаудан қорғауға қатысқан жан екен. Қолхозды басқарған. Кейін бәйбішесі Ұлтай екеуі мектепте мұғалім болып, өмірінің соңына дейін бала тәрбиесімен айналысқан.

Иә, осындай өнегелі жанұядан шыққан Райхан да әдепті де инабатты келін бола білді. Сарысудың №7 мектебінде ұстаздық етіп, бала тәрбиесімен айналысты. Жоғары оқу орнында алған білімін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Онжылдық мектеп болып бой көтергеніне ондаған жылдар болған Сарысу мектебінің ұжымы мен қызмет істеген жылдары жоғары оқу орындарын, бітіріп келген Байзақ, Қалкен, Тынысбай, Алтын, Айтжан, Райхан, Нұрәлі және тағы басқа да осы секілді кілең сайдың тасындай жас ұстаздармен толыққан еді. Мұндай жоғары білімді ұстаздары көп мектептер сол кездегі Жезді ауданының совхоздарының бірінде жоқ еді. Сондықтан да болса керек, №7 мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасы жақсарып, ұжым аудан жеміндегі мектептер арасында үнемі алдыңғы қатардан аталып жүрді.

Нұраш пен Райханның тұңғышы Бегалы 1964 жылы дүниеге келді. Одан кейін Фаризада мен Гүлзаданың да кіндік қандары Сарысу жерінде тамды.

Сарысуды үш есе орап алатындай Темірланда дүниеге келген Нұрекең өзінің туған жерін жиі еске алатын. Оның бай тарихын жыр етіп айтатын.

- Темірланда сонау патшалық Ресей тұсында өзінің алып күшімен дүние жүзіне танылған қазақтың атақты палуаны Қажымұқан тұрған. Оның музейіне қойылған жәдігерлерді көргенде көз алдыға палуан атамыздың француз, жапон, поляк палуандарымен күресі еріксіз көз алдыға келеді.

Қазіргідей спорт секциялары, білікті жаттықтырушысы жоқ қарапайым қазақ баласының дүние жүзіне атағы шығуының өзі біздің қазақтың тегін халық емес екенін тағы бір қырынан көрсетсе керек. Ол кісі Ұлы Отан соғысы жылдарында самолет жасату үшін қаржы жинап, КСРО Қорғаныс министрлігіне жіберген ғой. Осы жәйттарды көріп өскен Темірланның жастары палуан болуды қалайтын, мен де көп ұзамай сол қатарға қосылдым. Мектеп

Нұрекең дүниеден өтсе де бүгінде оның ұрпақтары өсіп-өніп келеді. Нұрәлі мен Райхан дүниеге екі ұл, үш қыз өкеліп, оларға өнегелі тәрбие, сапалы білім берген ұлағатты ата-ана. Олардың тұңғышы, Назымбек атасы мен Күлкен әжесінің баласы болып өскен Бегәлі Шымкент технологиялық институтын бітірген. Қазір сонда еңбек етеді. Жұбайы Боғатөз бен екеуінің сүйіктісі болып Ханзада, Баймырза деген ұл-қызы өсіп, жетіліп келеді. Олар да



қабырғасын бітіргенде еркін күрестен разрядым болды. Кейін институтқа оқуға түскесін қол тимей, тастап кетуге мәжбүр болдым - деп отыратын. Көп жаттыққаннан ғой денесі шымыр, алып күштің иесі болатын.

Нұрәлі Назымбекұлы кейін Сәтбаев қаласына келіп, Солтүстік Жезқазған кенішінің көлік цехында ауысым шебері болып қызмет істеді. Ол еңбек ететін цех жер бетінен 350-400 метр төмен деңгейде жатқан қарьерден кен жынысын тасымалдайтын ауыр салмақты БЕЛАЗ-540 автомашиналарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етумен айналысты. Негізгі мамандығы геолог болса да, ол кейіннен Павлодар индустриалды институтының автомобиль транспорты факультетін бітірді. Жоғары білімді, білікті маман уақыт өте келе өз ісінің хас шебері атанды. Абыройлы еңбек етуді алдына мақсат етіп қойған Нұрекең бастықпын деп қол қусырып отыруды білмейтін, жұмыс киімін кие салып, алып машиналарды жөндеп жатқан жөндеуші-слесарьларға көмектесіп кететін. Сондай бір сәттерде ол ауыр жүк көтеремін деп жарақат та алып қалған еді. Сол сырқаты оның түбіне жетті. Кейін ол екінші топтағы мүгедек болып қалды. Ақыры сол аурудан қайтыс болды.

Қазақ атамыздан "Орнында бар оңалар", - деген аталы сөз қалған. Назекеннің жалғыз

өз алдына тұрмыс құрып, отау тігіп, ұрпақ өсіріп отыр.

Міне, біз шағын ғана мақалада Бодық руының белді азаматы, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында жан аямай Отандың жаудан қорғауға қатысқан жауынгер Назымбек ақсақалдың еңбек жолы, кейінгі ұрпақтары жайлы оқырмандарға аз да болса мағлұмат бердік. Назекен жаны жайсаң жан еді, маңайындағы туыс-туғандарына қамқорлық жасауды өзінің азаматтық борышы санайтын. Оның осы қасиетін біз көзімізбен көрдік. Қарындасы Жадыраға деген қамқорлығы ерекше болды. Әкесі ерте қайтқан Тоқтарбайды өз баласындай тәрбиеледі, жеткізді. Өкінішке орай, осы бір азамат жеке отау тігіп, әжептәуір үй болып келе жатқанда сұм ажал аяқ астынан келіп, мезгілсіз алып кетті.

Ата дәстүр бойынша Татанбаевтар әулетінің шаңырағы ұлдың кенжесі Нұрәліұлы Темірәліде. Осы қара шаңырақтың отын сөндірмей, балаларға қамқор болып, көненің көзін көрген кейуана Райхан Шәлімбетқызы отыр. Ұзақ жыл Сәтбаев қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде жастарға дәріс беріп, өнердің биік шыңына шығуға тәрбиелеген білікті ұстаз бүгінде зейнеткерлікте отыр. Ендігі қуанышы - балаларының жетістіктері мен немерелерінің риясыз күміс күлкісі.

Шамхан РАХМЕТОВ,
Жезқазған-Сарысу-Сәтбаев.

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ЖҮГІНУ 15 МИЛЛИОННАН АСҚАН

2020 жылғы 21 наурыздан бастап 10 мамырға дейін қазақстандықтар онлайн түрінде 15 миллионнан астам мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистерді алды, оның ішінде Telegram, Facebook және ВКонтакте мессенджерлерінде чат-боттар арқылы 835 мыңнан астам мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистер, eGovMobile қосымшасы арқылы 1,5 миллионнан астам және «Электрондық үкімет» порталы арқылы 12,6 миллионнан астам мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистер алынды. Бұл туралы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ баспасөз қызметі хабарлады.

Төтенше жағдай кезеңінде алынған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистердің жалпы санынан қазақстандықтар 2,5 миллион бейне қоңыраулар шалған. 430 мыңға жуық «Мобильді азаматтар» базасында қайта тіркелген. 338 мыңнан астам жеке тұлға және 18 мыңнан астам заңды тұлға үйден шықпай ЭЦҚ алды. Сондай-ақ, 10 мыңнан астам адам eGov.kz порталдың басты бетінде ХҚКО-на баруды онлайн брондау бойынша сервисін пайдаланды.

«ҰАТ» АҚ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистер бойынша ғана емес, басқа да ауқымды жұмыстарды атқарды. Төтенше жағдай кезеңінде мемлекеттік органдардың барлық орталық аппараттары қашықтан жұмысқа ауыстырылды және бұлыңғыр құжат айналымына қосылды. Оның ішінде 12 мыңнан астам белсенді мемлекеттік қызметкерлер 208 мыңнан астам авторизацияланды. Бұл мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс жалғасуда» - деп «ҰАТ» АҚ Басқарма төрағасы Әсет Тұрысов атап өтті.

Сондай-ақ, қазақстандықтар 1414 Бірыңғай байланыс орталығының кеңестерін белсенді пайдалануды жалғастыруда. Осылайша, 1414 ББО операторларымен 12,5 миллионға жуық қоңырауларды қабылдады және өңдеді.

Естеріңізге сала кетейік, осы таңда онлайн түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 80% қолжетімді. Оны қазақстандықтар eGov.kz Электрондық үкімет сайтында, eGov Mobile қосымшасында және Telegram (@Kenes-1414bot) мессенджерлеріндегі чат-боттардың және Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінің көмегімен ала алады.

НҰР-СҰЛТАН.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ ЖҮРЕГІМІЗДЕ МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС бас директоры Орманов Мұрат Анарбекұлы 2020 жылғы 11 мамырда 45 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Мұрат Анарбекұлы әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтегеннен кейін ішкі істер органдарында қызмет атқарған. Одан кейінгі саналы ғұмырын сумен қамту және су бұру саласына арнады. Еңбек жолын механиктен бастаған Мұрат Анарбекұлы іскер маман ретінде танылып, өмірінің соңында қаланы тіршілік нәрімен қамтамасыз ететін кәсіпорынға жетекшілік етті. Қалалық маслихаттың депутаты ретінде Шымкент тұрғын-



дарына көптеген жарамды істер атқарды.

Елеулі еңбектерінің арқасында көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталған. «Құрмет» орденінің иегері.

Үлгілі отбасының отағасы. Құдайдың берген үш ұл-қызды тәрбиелеп өсіріп, төрт немересінің атасы атанды.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС ұжымы Мұрат Ормановтың ауыр қазасына байланысты туғандарына, туыстарына, жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Мұрат Ормановтың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады!

Түркістан облыстық маслихаттың депутаты Дулат Әбіш «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ның бас директоры

Мұрат Ормановтың қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шымкент қаласының маслихаты «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ның бас директоры

Мұрат Ормановтың қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы қоғам қайраткері Анарбек Орманға ұлы «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ның бас директоры

Мұрат Ормановтың қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі **65836**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

Тел.: 8 (7252) 30-10-86, 21-34-30, 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Немірдің кезекші редакторы - Сандуғаш Әбілғашқарыев

АЙҒАҚ
GAZETTE
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарында есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Сандуғаш ӘБІЛҒАШҚАРЫЕВ - Жарнама

Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Максимальное количество страниц в номере

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Балалық шақ – өмірдің гүлі

Балалық шақ –
балғын шақ,
өмірдің өзі болашақ.

Балалық шақ шектеулі,
Ойнайтын кезде асыр сап.
Қайта оралып келмейтін,
Балалық шақтың қызығы.
Мектепте қайта келмейді,
Қоңыраудың сыңғыры.

Балалық шақ әр адамның ең тәтті, ең адал, алаңсыз кезеңдерінің куәсі болып қала береді. Ия, расында да, бұл біздің қайта оралмас балалық шағымыздың соңғы көктемі... «Бақыт деген – менің бала күндерім...»,- деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, балалық шақ әркімнің жадында қызықтарымен, шат-шадымен шаттықтарымен, риясыз күлкімен қалатыны сөзсіз. Қай адамның болмасын балалық шағына бір сәт кері оралғанда есіне түскен қызыққа толы оқиғалары, артта қалған қызықты сәттері, алаңсыз асыр-салып ойнаған күндері еріксіз езуіне күлкі, жүзіне қуаныш әкеледі. Себебі, балалық шақ – өмірдің гүлі көктемді. Дәл осы соңғы, тәтті көктемді осылай өткіземін деген ой үш ұйықтасам да, түсіме кірмейді. Өлемге кенеттен келген індет көңілімізге қаяу салды. Алтын ұя мектебімізді бітіріп, балалық шақтан болашаққа қанат қаққалы отырған біздің жүректеріміз лүпіл қағып, қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан жас түлектер үшін ең бір қымбат, ең бір қимас, ең бір ұмытылмас күнімізді осылай қарсы аламыз ба деген қорқыныш қай-қай-

сымыздың да бойымызды биледі. Қанша күн, қанша түн құрған жоспарларымыз, армандарымыз бір-ақ сәтте ғайып болғандай... Өкініш көп, өкінгендер көп. Осы бір сәтте уақыттың, еркіндіктің қадірін, өмірімізде маңызы бар, жақын достарымыздың құрметін білу керектігін ескердім, себебі, соңғы кездесудің қашан болары беймәлім. Адамның емес, Алланың дегені болады деген сөзді енді ұққандаймын. Балалық шағымыздың соңғы көктемін бұлай өткені өте өкінішті. Ақ бантик тағып, ақ көйлек киіп, соңғы қоңыраудың үнін есту бұйырар ма екен?! Ойла-нып отырсам, осы жылы мектеппен бірге балалық бал күндеріммен, балалық еркеліктеріммен, уайымсыз өткен күндеріммен мәңгілікке қоштасады екенмін.

Енді, қоңырау соғылмайды. Ол күндер оралмайды мүлде.

Бақытты балғын күндер сыйлаған қош бол енді мектеп! Енді алдымызда үлкен өмір атты кеме бізді күтіп тұр. Өткен уақыт қайтарылмайды, сондықтан бұл істің де бір қайыры болады деген сенімдемін!

Әр қайғының артынан үлкен қуаныш келеді дейді ғой, алдағы шуақты күндерімізде әрбір істен береке алып, жанымызда жүрген жақындарымыздың қадірін біліп, айналамыздағы бар жақсылықты көруге ұмтылайық!

Аружан АБДУЛЛАҚЫЗЫ,
Т.Тәжібаев атындағы
№47 мектеп-гимназиясының
бітіруші түлегі.

Пайдалы кеңестер



КӨКТЕМ КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА КЕҢЕС БЕРІЛЕТІН ЖЕМІСТЕР ОНДЫҒЫ

Көктем - ағза дәрумендерді ең көп талап ететін жыл мезгілі. Суық қыс мезгілі кезде ағза өзінде бар барлық пайдалы дәрумендер қорын пайдаланып, әлсіреген кез. Көктем мезгілінде ағзаға пайдалы заттар мен дәрумендер көптеп қажет етіледі. Алайда құрамы дәрумендерге бай балғын жеміс жидектер әлі пісіп үлгермейді. Сіздердің назарыңызға көктемде пайдалануға кеңес беретін, ағзаңызға пайдалы 10 жемістер-жидектер мен жасыл өсімдіктердің тізімін ұсынамыз:

1. Брокколи қырыққабаты - артық салмақтан арыламын деушілерге өте пайдалы тағам. Құрамындағы ақуыз мөлшері басқа қырыққабатымен салыстырғанда көбірек болады. Ақуыздан басқа әртүрлі минералды заттар мен дәрумендерге (К, РР, С) өте бай. Брокколи қырыққабаты ағзадан шлактардың шығарылуына әсер етеді.

2. Бидай - Е дәруменіне өте бай. Бидай құрамында кездесетін магний қандағы холестерин мөлшерін азайтуға әсер етіп, жүрек жұмысын жақсартып, нерв жүйесінің жұмысын жақсартады. Хлорофил мен С дәрумені ағзаның жасару мен иммундық жүйеге оң әсерін тигізеді.

3. Киви - қан тамырларының қабырғасын қатайтып, қан айналымды жақсартады. Сондай-ақ, апельсин мен мандаринмен салыстырғанда кивидің құрамында С дәрумені 2 есеге көп кездеседі.

4. Авокадо - өте құнарлы жеміс. Авокадо бірнеше тағамды дайындауда қолданылады. Авокадо құрамында эфир майы, дәрумендер

(В, F, E), микроэлементтер (кремний, селен) көптеп кездесетін жеміс. Олар шаш пен терінің күтімін жақсартады.

5. Манго - артық салмақ тастаймын деушілерге өте пайдалы. Құрамында темір, магний, бета каротин, дәрумен А көптеп кездеседі.

6. Оливка майы - қантамыр қабырғаларын жақсартып, қан айналым жүйесіне йәсерін тигізеді. Жараның жазылуын тездетіп, кездің көруін жақсартып, координацияны жақсартады. Құрамындағы D, A, E және К дәрумендері кәріліктің алдын алып, иммундық жүйені жақсартып, сүйек тіңдеріне жақсы әсер етеді.

7. Цикорий - зат айналымын, қан айналым жүйесін жақсартып, жүрек, бүйрек, ас қорыту жолдарын жақсартады. Ол дәруменді жасартып, ағзаны тазалайды.

8. Теңіз тағамдары - құрамында ақуыз, май жасушалары мен микро және макро элементтер көп. Теңіз тағамдары ағзада йод тапшылығының алдын алуға көмектеседі. Йод адам үшін интеллект, есте сақтау қабілетін жақсартып, қалқанша бездің жұмысына әсер етеді.

9. Сүт тағамдары - құрамындағы лакто және бифидобактериялар организмнен шлактардың шығарылуын жақсартып, ас қорыту жолдарын тазалап, жұмысын жақсартады.

10. Балғын анар шырыны - бет терісінің күтімін жақсартып, тырнақ, шаш құрамын пайдалы минералды заттарға байытады. Қан құрамында гемоглобиннің мөлшерін көбейтеді.

Бұл аптада кімдер туылған?

15.05.1927
Нұрмаханбет қажы
Әжіметұлы,
Түркістан облысының
Құрметті азаматы.

15.05.1950
Сайдулла Қожабаев,
«Allageum Group»
Корпорациясы директорлар
кеңесінің төрағасы.

15.05.1965
Гүлшара Әбдіқалықова,
Қызылорда
облысының әкімі.

16.05.1965
Қайрат Сапарбаев,
«Сапар» компаниялар тобы
бақылау кеңесінің төрағасы,
Түркістан облыстық
мәслихатының депутаты.

17.05.1953
Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті.

17.05.1982
Болат Жанәбіл,
Түркістан көпсалалы-
техникалық колледжінің
директоры.

18.05.1936
Олжас Сүлейменов,
Қазақстанның
Халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты.

18.05.1964
Нұрлан Қойбағаров,
Төлеби аудандық
мәслихатының хатшысы.

18.05.1975
Ғани Шаймарданов,
«МузТау» брендінің негізін
салушы, Шығыс Қазақстан
облысы, Катон-Қарағай
ауданының
«Құрметті азаматы»

19.05.1964
Бейбіт Атамқұлов,
ҚР Қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрі.

**Құрметті
туылған күн иелері!**
**Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұжымы
туған күндеріңізбен
шын жүректен
құттықтайды!**

Жарамсыз деп танылсын!

*** «Южная промышленная компания» ЖШС-ның (БИН-051240004536) атына тіркелген мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «ЖанаҚұрылыс» компаниясы» ЖШС-ның (БИН-141140024378) атына тіркелген мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Жибек жолы-Фуд» ЖШС-ның (БИН-120840013837) атына тіркелген мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «А.Т.О.-құрылыс» ЖШС-ның (БИН-130440003619) атына тіркелген мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1987 жылы туылған Каржауов Талгат Рахматуллаевичтің атына тіркелген Шымкент қаласы, Абай ауданы, 156 квартал 4646 жер телімінің Мемлекеттік актісі, сатып алу-сату келісім шартының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер «Шаймерденов А.Б.» атына тиесілі мөрдін жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «SAB Company» ЖШС-ның атына тіркелген мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «SAB Company» ЖШС-ның құжаты, Жарғысы, стат картасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Нурматов Тулаған Бахриддинұлына тиесілі Өзбекстан мемлекетінің төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «ONTY-NUR» ЖШС-не (БИН-090640021515) тиесілі Жарғы-

*** Умер Даурбаев Ахмет. Дата смерти 29.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыталиев Б.Д. Тюлькубасский район, село Т.Рыскулова, ул. Жантуров 21/1. Тел.: 8 /725-38/51-771

*** Умер Убайдуллаев Абдужаббар Джуманазарович. Дата смерти 25.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская 2/3, ост. Сейфуллина. Тел.: 8 701-780-63-44

*** Умерла Мухина Валентина Ана-тольевна. Дата смерти 07.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент, мкр. Отырар 59-26. Тел.: 8 778-402-83-83

*** Умерла Абдулла Ақбота Сей-

Открылось наследство

фуллақызы. Дата смерти 03.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская 2/3, ост. Сейфуллина. Тел.: 8 701-780-63-44

*** Умер Дорохов Сергей Сергеевич. Дата смерти 29.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели Кожя, центральный ЦОН, 1 этаж слева. Тел.: 8 701-741-27-45

*** Умер Смельик Валерий Григорьевич. Дата смерти 09.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбекова Ж.А. г. Шымкент, ул. Калдаякова, 9. Тел.: 8 /7252/56-33-59, моб.:8 701-454-74-46

*** Умер Поздняков Алексей Иванович. Дата смерти 18.10.1998 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, мкр. 16, 42. Тел.: 8 707-228-08-55

*** Умер Поздняков Владимир Алексеевич. Дата смерти 09.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, мкр. 16, 42. Тел.: 8 707-228-08-55

*** Умерла Позднякова Любовь Андреевна. Дата смерти 09.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменов Д.Т. г. Шымкент, мкр. 16, 42. Тел.: 8 707-228-08-55

*** Умер Мажитов Батыр Рашитович. Дата смерти 04.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 701-294-80-65

*** Умерла Калибаева Орынкул. Дата смерти 11.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жолшыбекова Н.Е. г. Шымкент, пр. Республики, 27. Тел.: 8 /7252/ 56-10-94, моб.: 8 701-710-99-38, 8 700-470-77-73

*** Умер Керімбек Нұржан Жарылқасынұлы. Дата смерти 16.12.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургенбаева Р.О. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 12 А. Тел.: 8 702-253-49-23, 8705-352-20-44

